



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№20
(1512)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáyirinen bastap shyǵady Газета издается с 12 апреля 1939 года

27

mamyr 2023 jyl
мая 2023 года

Қадірменді ұстаздар мен ата-аналар! Құрметті оқушылар, жас түлектер!

Сіздерді оқу жылының аяқталуымен, ал жас түлектерімізді мектеп бітірулерімен құттықтаймыз!

Әрқайсыңыз өзіңізді тану мен білім алуға зор үлес қосқан тағы бір оқу жылы артта қалды.

Біздің мемлекет білім беру саласына үлкен көңіл бөледі, жаңа мектептер салынуда, өскелең ұрпақтың жақсы білім алуға, болашақта мамандық таңдауға және халықтың игілігі үшін жұмыс істеуге үлкен мүмкіндіктері бар.

Құрметті ата-аналар мен мұғалімдер, біз сіздерді осы айтулы күнмен құттықтаймыз және осы күрделі істе – Тәуелсіз Қазақстанның өскелең ұрпағын тәрбиелеудегі қолдауларыңыз бен шыдамдылықтарыңыз үшін алғыс айтамыз. Бүгінгі білімді ұрпақ – бұл еліміздің болашағына салынған инвестиция.

Құрметті жас түлектер!

Сіздердің өмірлеріңізде ерекше кезең басталады. Әрқайсыңызға мамандық таңдау, Ұлттық бірыңғай тестілеуден өту және болашаққа сенімді қадам жасау қажет. Әрқашан өз күштеріңізге сеніңіздер, мақсаттарыңызға жетуге және ең батыл жобаларды жүзеге асыруларыңызға тілектеспіз.

Сіздерге емтихан мен ҰБТ-ны табысты тапсыруды, мықты денсаулық, сенімділік және ақ жол тілейміз!

А.СҰЛТАНҒАЛИ,
аудан әкімі

А.ӘЛИ,
мәслихат төрағасы

Уважаемые учителя, родители! Дорогие учащиеся, выпускники!

Поздравляем вас с окончанием очередного учебного года, а выпускников - с окончанием школы!

Позади еще один учебный год, в который каждый из вас внес огромный вклад для

Құттықтаймыз!

Үздік деп танылды

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында Ақбел ауылдық клубының меңгерушісі Гауһар Ғылымқызы Молдабаева облыс әкімі тағайындаған «Ауылдың үздік мәдениет қызметкері» жүлдесіне ие болды.

1988 жылы еңбек жолын Ақбел ауылдық клубының көркемдік жетекшісі ретінде бастаған Гауһар Ғылымқызы 1990 жылы клуб меңгерушісі бойып тағайындалған. Кейіннен 2004 жылы отбасылық жағдайларымен басқа жұмысқа ауысып, 2011 жылдан қайтадан Ақбел ауылдық клубының меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Осы салада бүгінгі күнге дейін абыройлы қызмет атқарып отырған Гауһар Молдабаеваның жалпы еңбек өтілі 35 жыл болса, оның ішінде мәдениет саласындағы қызметі 28 жыл.

Мамыр айының 19-жұлдызында С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында мәдениет қызметкерлері байқауының қорытындысы салтанатты түрде жарияланды. Өнердің қия шыңын бағындырған өнерпаздар жиналған шарада Гауһар Ғылымқызы «Ауылдың үздік мәдениет қызметкері» аталымын олжалап, «Алтын қобыз» мүсіні және 1 миллион теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Хабарландыру Объявления

Продается недвижимость

Продается большой дом в п.Ботакара, ул. Абылай хана, 32. Имеется 6 комнат, кухня, ванная, туалет, водопровод, горячая и холодная вода, хозпостройки, скважина, огород, плодовые насаждения. **Цена договорная.**

Обращаться по тел.: 2-16-88 (дом.), 8-702-743-11-82.

№126

Продается квартира с мебелью. Двухэтажный коттедж на первом этаже в поселке Ботакара, ул.Шопаная, 4/1. 3 комнаты, кухня, ванная, туалет, титан, телефон, цифровое телевидение, гараж, сеновал, сарай, углярник, палисадник (ягодные насаждения), в шаговой доступности акимат, школа, магазины. Торр.

Обращаться по тел.: 8-701-408-78-84, 8-702-682-77-35.

№6

Продается дом в поселке Ботакара, ул.Доскея, 17/1.

Все вопросы по тел.: 8-701-590-80-81, 8 (72154) 2-12-75.

№119

Продается квартира в п.Ботакара, ул.Казыбек би, 90/1.

4 жилые комнаты + кухня, прихожая, санузел, веранда. Имеется мебель, 2 титана, ID-tv, интернет, телефон. Огород 8,6 сотки с фруктовыми и ягодными насаждениями, сарай, углярник.

Тел.: 8-778-219-19-45.

т/н

Открыто наследственное дело

После смерти Горбатко Сергея Владимировича, умершего 5 апреля 2023 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу: п.Ботакара, ул.Абылай хана, 40, кабинет №3 (здание «Бизнес центра»), рабочий телефон: 2-22-26, 8-701-207-95-37.

№131

После смерти Елюбаева Кайржана Джанахметовича, умершего 15 января 2023 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу: п.Ботакара, ул.Абылай хана, 40, кабинет №3 (здание «Бизнес центра»), рабочий телефон: 2-22-26, 8-701-207-95-37.

№132

После смерти Рединой Тамары Ивановны, умершей 18 января 2023 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кунуспековой Марал Амангельдиевне (лицензия №0000454 от 10.05.2006 года) по адресу: п.Ботакара, ул.Абылай хана, 40, кабинет №3 (здание «Бизнес центра»), рабочий телефон: 2-22-26, 8-701-207-95-37.

№135

Хабарландыру

1. Жобалардың атауы: «Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылдық округі, Доскей ауылы, 028 пәтер уч., 1954 учаскесі қазақстандық қысыммен құю зауытына арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері, қалдықтарды басқару бағдарламасы, экологиялық басқару бағдарламасы жобалары».

2. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылдық округі, Доскей ауылы, 028 пәтер уч., 1954 уч., «Сары-Арқа» арнайы экономикалық аймағы.

3. Қоғамдық тыңдаулар: 2023 жылдың 4 шілде сейсенбі күні сағат 15.00-де, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылдық округі, Доскей ауылы, 028 пәтер уч., 1662 уч., «Сары-Арқа» арнайы экономикалық аймақ мекенжайы бойынша өтеді.

Өкілі: Шуақбаев Ж.К. байланыс телефоны: +7 701 800 5701.

4. ҚР-дағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып және жұқтыру қаупін азайту мақсатында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі. Zoom конференциясына сілтеме арқылы қосылуға болады:

<https://us04web.zoom.us/j/77562315336?pwd=zbboC9keCyRaPLtCftC5G6TVbaguxs.1>

Конференция идентификаторы: 775 6231 5336. Қолжетімді код: pB8BmT.

5. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Silumin of Qazaqstan (Қазақстан ҚҚ Силумини)» ЖШС, БСН 210940022224, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Доскей а/о, Доскей а., есеп кварталы 028, зд. 1662, 1 блок. Байланыс: тел/факс +7 701 843 8003.

6. Әзірлеуші: «ЭКОС» ЖШС, Астана қ., Иманов к-сі, 9, ВП 5, БСН 950 740 001 238.

Өкілі: Ахматова И.Р. Байланыс телефоны: 8 (7172)21-22-21, эл. пошта: info@ecosltd.kz.

7. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: [ecosportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda>.

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына мекенжай бойынша танысуға болады: Астана қаласы, Иманов көшесі. 9, ВП 5, 8 (7172) 21-22-21, эл. пошта: info@ecosltd.kz.

9. Ескертулер мен ұсыныстар: сілтеме бойынша қабылданады ecosportal.kz және мекенжайлар бойынша:

1). 100000, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20. «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл.мекенжайы: expertiza.upr.krg@mail.ru, тел.: 7(7212)568-166.

2). 010000, Астана қ., Иманов к-сі, 9 үй, ВП-5, эл.мекенжайы: info@ecosltd.kz.

Объявление

1. Наименование проектов: проекты НДВ, ПУО, ПЭК для казахстанского завода литья под давлением Карагандинской области, Бухар-Жырауском районе, Доскейском с/о, с.Доскей, уч. кв. 028, уч. 1954.

2. Территория воздействия: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Доскейский с/о, с.Доскей, уч. кв. 028, уч. 1954, Специальная экономическая зона «Сары-Арқа».

3. Общественные слушания состоятся: во вторник 4 июля 2023 г в 15.00 по адресу: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Доскейский с/о, с.Доскей, уч. кв. 028, уч. 1662, Специальная экономическая зона «Сары-Арқа». Представитель: Чуакбаев Ж.К. Контакты: тел. +7 701 800 5701.

4. Учитывая эпидемиологическую ситуацию в РК и с целью снижения риска заражений, общественные слушания проводятся в формате видеоконференции. Подключиться к конференции Zoom можно по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/77562315336?pwd=zbboC9keCyRaPLtCftC5G6TVbaguxs.1>

Идентификатор конференции: 775 6231 5336.

Код доступа: pB8BmT.

5. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Silumin of Qazaqstan (Силумин оф Казахстан)», БИН 210940022224, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Доскейский с/о, с.Доскей, учетный квартал 028, зд. 1662, блок 1. Контакты: тел/факс: +7 701 843 8003.

6. Разработчик: ТОО «ЭКОС», г.Астана, ул.Иманова, 9, ВП 5, БИН 950740001238.

Представитель: Ахматова И.Р. Контакты: тел. 8 (7172)21-22-21, эл. почта: info@ecosltd.kz.

7. Материалы проекта размещены на сайте: ecosportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda>.

8. С дополнительной информацией по материалам проекта можно ознакомиться по адресу и номеру: г.Астана, ул.Иманова, 9, ВП 5, 8 (7172)21-22-21, эл. почта: info@ecosltd.kz.

9. Замечания и предложения принимаются по ссылке ecosportal.kz и по адресам:

1). 100000, г.Караганда, ул.Лободы 20. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», эл.адрес: expertiza.upr.krg@mail.ru, тел.: 7(7212)568-166.

2). 010000, г.Астана, ул. Иманова, д.9, ВП-5, эл.адрес: info@ecosltd.kz.

Жедел ішек инфекцияларының алдын алыңыз

Жедел ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Жұқпалы жедел ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі қазіргідей жаз айлары болып есептеледі. Бұл ішектің ауруға шалдығуынан, кейде іштің бұзылуы, организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты.

Инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нәжіспен сыртқы ортаға түсіп, тарайды.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, яғни жуылмаған көкөністер, пісірілмеген сүт, сапасыз шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішу, лас суға түскен кезде жұғуы мүмкін. Жаз айларында инфекцияны көп жағдайда шыбындар таратады.


Аурудың алғашқы белгілері:

- іштің жиі су сияқты өтуі, дене қызуының көтерілуі, емшектен бас тарту, асқа тәбеті болмау, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретінде қан қоспасының немесе кілегйдің пайда болуы.

Науқақта қайталамалы құсып, іш өткен сайын баланың жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өз тіршілігіне қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастағаннан дәрігерге көріну керек.



Жедел ішек инфекциясы микробтармен қоздырылып, ауыз қуысы арқылы балалар ішегіне түседі.



Ауру қоздырғышы ластанған тағамдар, су, кір қол арқылы, ойыншықтар және басқа да күтім заттары арқылы ағзаға түседі.



2 жасқа дейінгі балаларда негізінен диарея түрінде болады, диарея – жиі сұйық іш өту.



Диарея ағзаны сусыздандыруы мүмкін. Сусыздандыру – бұл ағзадағы судың үлкен құрамын және минералын жоғалту.



Нәрестелер үшін сусыздану өте қауіпті, тіпті өлімге алып келуі мүмкін.

Дәрігер келгенше мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықтықты мол, көбірек ішкен дұрыс. Өздігінше емделу аурудың асқынуына әкеліп соғуы немесе созылмалы формаларына ұласуы мүмкін. Антибиотик қабылдау сырқаттың клиникалық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады.

Емі:

- жоғалған сұйықтықтың орнын толтыру үшін емшек сүті, айран, сорпа, күріш суы, сұйық шай, кисель, қайнатылған және салқындатылған су, ауыз арқылы ішетін тұзды-минералды су ерітіндісі қолданылады. Рационнан ішекте ашитын немесе асқазан-ішек жолын тітіркендіретін азықтар

дайындайды. Дайын ерітіндіні балаға әрбір 3-5 минут сайын 1 шай қасықпен беру керек. Егер құспаса, аз-аздан жиі ішкізуге болады. Ерітінді әрбір күнге жаңадан дайындалып беріледі.

Алдын алу шаралары:

- ішек инфекциялары – кір қолдың ауруы. Оның алдын

алу үшін:

- жеміс-жидектер мен көкөністерді ағынды су астында жақсылап жуғаннан кейін пайдаланыңыз;

- өнімдердің жақсылап қуырылып, қайнатылуына көңіл бөліңіз;

- жұмыртқаны шикі немесе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз;

- дайын тамақты пайдалану кезінде оның иісіне, дәміне мұқият мән беріп, тез бұзылатын тағам өнімдерін тоңазытқышта сақтаңыз;

- арнайы көрсетілген жерлерде шомылыңыз;

- суды тұтынар алдында міндетті түрде қайнатыңыз немесе бөтелкедегі суды ішіңіз;

- балаларды әрбір тамақтандырар және тамағын дайындар алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек, оның әрбір затын, ойыншықтарын, бөтелкесі мен емізіктерін таза жағдайда ұстаңыз;

- ішек инфекцияларының алдын алу үшін жеке бас тазалығын қатаң сақтаңыз.

Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тудыруы мүмкін.

Сол себепті, өткір ішек жұқпаларының жоғарыда көрсетілген белгілерінің бірі сізде немесе жанұя мүшелеріңізде байқалса, тез арада дәрігерлік көмекке жүгінгеніңіз дұрыс.

Бұқар жырау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық басқармасы